

- You sometimes reassure your students that their other needs, e.g. exam preparation, are being met.
- It's worth taking the risk and using poems though, because poems can foster a love of English, and they are so versatile.
- You can use them as warmers or fillers, and as the catalyst for many different activities with students ranging from Pre-intermediate to Proficiency, and with multilevel classes.
- Students find a poem a welcome, and sometimes an inspirational change from a coursebook. Poems can be involving, motivating and memorable, and they can supplement and enrich just about any lesson.

Conclusion

One of the things which is good about using poetry in the classroom is that you can usually create lots of opportunities for personalisation. This means that the students have plenty to say, and the communication is genuine because they are talking about their own experiences or hypotheses. They are engaged and motivated, which helps to make the lesson and the language (and sometimes even the poem) memorable. Although we have no formal training in literature, unlike some of our students, we can bring our love of poetry into the classroom.

References

1. Literature in the Language Classroom Collie & Slater CUP 1987
2. Literature Duff & Maley OUP 1990
3. Teaching Literature Carter & Long Longman 1991
4. Christina Smart, British Council, Hungary Using Poems in Teaching English 2011
5. www.PoW.org/poem-of-the-week

Ш.Б.Гумарова, И.А. Баймуратова

*ҚазНУ, филология, әдебиеттану және әлем тілдер
факультетінің жасартайыстану
факультеттеріне арналған шетел тілдері кафедрасы*

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРМА ЖАСАУ ЖҰМЫСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕДЕРІ (Грамматикалық материал негізінде)

Кез келген тіл структурасы мен грамматикалық формалары жағынан екінші бір тілмен ұқсастықтары болғанмен көп жағдайда айырмашылықтары арқылы ерекшеленеді. Сондықтан да аударма жұмысында шетел тілінің морфология, синтаксис саласына қатысты грамматикалық қиындықтар кездеседі. Аударма мәселесіне талдау жасағанда да ағылшын тілінен қазақ тіліне аударма жасағанда кездесетін қиындықтар да осы екі тілдің грамматикалық структурасының арасындағы айырмашылықтардан туындайтынына көз жеткізуге болады. Ағылшын тіліндегі мәтіннің мазмұнын дұрыс түсіну оның қазақ тілімен салыстырғанда қандай грамматикалық айырмашылықтарын түсінумен тығыз байланысты, сондықтан да сол айырмашылықтардың табиғатын анықтап алуды талап етеді. Ағылшын тілі мен қазақ тілінің грамматикалық құбылыстарының арасындағы айырмашылықтарға талдау жасау жұмысын оларды төмендегідей топтарға жіктеуге мүмкіндік береді:

1) Ағылшын тілі аналитикалық тіл тобына жататындықтан, қазақ тілімен салыстырғанда оның айырмашылығы да ағылшын тілінде кейбір морфологиялық формалардың болмауымен байланысты. Атап айтқанда:

- a) септік жалғауының болмауы
It is English lesson now. (Қазір ағылшын тілі сабағы).
We are at the lesson now. (Біз қазір сабақтамыз).
We prepare for the lesson. (Біз сабаққа дайындаламыз).

Етістіктің шақ формасы белгісіздік осы шақта ғана синтетикалық формалар арқылы беріледі де (answer, answers, answered), ал басқа шақ формалары көмекші етістік арқылы беріледі.

2) Ағылшын тілінде сөйлем ішіндегі сөздер бір-бірімен көмекші сөздер арқылы байланысады.

3) Ағылшын тілінде сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі қатаң сақталады. Әрбір сөйлем мүшесінің сөйлем ішінде белгілі бір орны бар. Ал егер сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі ауысып кететін болса, онда көп жағдайда сөйлемнің мағынасы да өзгереді. Сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі белгілі бір стилстикалық мақсатта ауысып қолданылады.

4) Тұйық етіс, сөйлем, көсемше, герундий сияқты етістіктің тиянақсыз формалары мен олардың күрделі тіркестері құрмалас сабақтас сөйлемнің эквиваленті ретінде жиі қолданылады. Ағылшын тілінің осы атаптан структуралық ерекшеліктері аударма жұмысын жасағанда қандай тәсілдерді қолдану керек

екендігін анықтауды талап етеді. Осы аталған ерекшеліктермен қатар тікелей екі тілдің грамматикасына қатысты структуралық айырмашылықтар да бар, яғни ағылшын тілі аналитикалық тіл болса, қазақ тілі синтетикалық тіл болып табылады. Енді осы екі тілдің грамматикалық категориялары арасындағы айырмашылыққа талдау жасасақ, төмендегідей ерекшеліктерді байқаймыз:

- 1) кейбір грамматикалық категориялардың ағылшын тілінде кездеспеуі
- 2) кейбір жартылай ұқсас категориялар
- 3) екі тілдегі бір бірімен толық сәйкес келетін категориялар

Қазақ тілінде ағылшын тілінде кездесетін артикль, герундий, сондай ақ, тұйық естітік, есімше, көсемше, герундий сияқты естітіктің тиянақсыз формалары мен олардың күрделі тіркестері жоқ. Осы аталған формалардың қазақ тілінде кездеспеуі немесе жартылай сәйкес келуі грамматикалық трансформацияны қажет етеді. Осындай категориялардың қатарына түр категориясы, тұйық естітік, есімше, көсемше, герундий сияқты естітіктің тиянақсыз формалары мен олардың күрделі тіркестері және модальдік мағынаны білдірудің кейбір тәсілдері де жатады. Аударма жұмысында ағылшын тіліндегі грамматикалық формалар мен конструкцияларды қазақ тіліне аударғанда грамматикалық трансформацияның төмендегідей тәсілдерін атауға болады:

- a) орын ауыстыру
- 2) бір сөзді екінші бір сөзбен ауыстыру
- 3) қосымша арқылы
- 4) сөздің түсіп қалуы

Сөйлемнің структурасын өзгерту немесе сөйлем мүшелерінің орнын ауыстырудың бірнеше себептері бар. Егер сөйлемде белгісіздік артикльмен келген бірнеше бастауыш болса, аударма жасағанда сөйлем мүшелерінің орнын ауыстыру қажет болады. Мұндай бастауыштар сөйлемнің негізгі мағынасы болады да, олар сөйлемнің соңына ауыстырылады.

There seen a large stream of people old and young, desired and undesired moving to the place where Mr. Brown lived. (Ішінде көрісі жасы, қалаулысы, қаламайтыны бар Браун мырза тұратын үйге қарай жылжып бара жатқан адамдардың үлкен тобы көрінді.)

Кейде сөйлемнің негізгі мағынасына баса назар аудару мақсатында ғана емес, сонымен қатар сөйлемдегі әрекеттің логикалық ретін дұрыс беру үшін де сөйлем мүшелерінің орны ауыстырылып, аударылады. Сондай ақ, сөйлемнің структурасы қазақ тілінің нормасына сәйкес болып, сөйлемнің мағынасы қазақ тіліне дұрыс берілу үшін бір сөзді екінші бір сөзбен ауыстыру (ағым - топ), қосымша сөз қосу (ішінде) тәсілдері арқылы аударылып тұр.

Ағылшын тіліндегі сөйлемде басшықы сөйлемнің басында, ал бағыныпқы сөйлем сонында келіп тұр. Бірақ та бағыныпқылы сөйлем іс әрекеттің мезгілін ғана емес, себебін білдіріп тұр. Бұл аудармада сирек қолданылатын тәсіл, сөз таптарын алмастыру көбінесе аударылатын тілде сәйкес келетін конструкцияның болмауы немесе жұмсалымдағы сәйкессіздігі, сонымен қатар лексикалық себептерге де байланысты яғни екі тілдің сөз жұмсалымындағы айырмашылыққа байланысты болады.

Кейде ағылшын тілінен қазақ тіліне тұрақты сөз тіркестерін аударма жасағанда да бір сөз табын екінші бір сөз табымен ауыстыруға тура келеді.

Грамматикалық ауыстыру жасау да лексикалық ауыстыру жасау сияқты кейде аудармада сөз қосу немесе бір сөзді аудармай қалдырып кететін жағдайлары да кездеседі. Аудармада қосымша сөз қосу екі тілдің арасындағы структуралық айырмашылықтың себебінен туады. Ағылшын тіліндегі сөйлемдегі сөздің қазақ тілінде тура аудармасы жоқ кезде немесе мағынасы сәйкес келмегенде оны аудармада қазақ тіліндегі басқа сөзбен ауыстыруға тура келеді. Көбінесе ағылшын тіліндегі естітік өзінен кейін келетін толықтауышпен мағыналық жағынан бірігіп кетеді.

I had a cold. (Маған суық тиді.)

He has difficulty with Maths. (Оған математика қиын. Оған математика қиынға соғады.)

We are having breakfast. (Біз таңғы ас ішіп жатырмыз.)

Сондай-ақ аударма жұмысында жиі қиындық туғызатын грамматикалық конструкциялар естітіктің заттанған формалары болып табылады. Өйткені ағылшын тілінде естітіктің заттанған тиянақсыз формалары сөйлемнің қандай мүшесінің қызметін атқарса да, сипатқандай морфологиялық формаларды, яғни есімдерге тән грамматикалық категорияларды қабылдамай, сол естітікке тән формасында қалады. Сондықтан да, естітіктің заттанған тиянақсыз формасының табиғатын жақсы түсінбейінше, олардың сөйлемнің қай мүшесінің қызметін атқарып тұрғандығын және қазақ тіліне қалай аударылу тәсілдерін түсіну қиынға соғады. Ал қазақ тілінде заттанған естітіктер есімдердің барлық грамматикалық категориясын қабылдайды, яғни есімдерше көптеледі, септеледі, тәуелденеді және жіктеледі, сондықтан олардың қандай сөйлем мүшесінің қызметін атқарып тұрғандығын тауып алу қиынға соқпайды. Мысалы, төмендегі заттанған естітіктердің жұмсалымына назар аударып көрсейік.

Going to the university I met my school friend. (Университетке бара жатқанда мен мектептес досымды кездестірдім.)

Being ill missed many classes. (Ауырып қалғандықтан мен көп сабақтан қалдым).
Осы келтірілген мысалдарда етістіктің заттанған есімше формасы сөйлемде екі түрлі қызмет атқарып тұр: бірінші сөйлемде мезгіл бағынықылы сабақтас сөйлемнің қызметін атқарса, ал екінші сөйлемде себеп салдар бағынықылы құрмалас сабақтас сөйлемнің қызметін атқарып тұр. Ал олардың формаларында шикандай айырмашылық жоқ. Оларды тек сөйлемнің логикалық мағынасына қарай екі сөйлемде екі түрлі аударма жасаймыз. Тағы бір ескере кететін жәйт, бұл сөйлемдер ағылшын тілінде жай сөйлем болса, ал қазақ тіліне құрмалас сабақтас сөйлем болып аударылып тұр.

Сондай ақ етістіктің заттанған көсемше түрінде де аудармада қиындыққа тап болатын жағдайлар жиі кездеседі.

(When) asked I told all the truth. (Сұрағанда мен бар шындықты айтып бердім).

Lost the address he couldn't visit his friend. (Адресін жоғалтып алғандықтан ол досына бара алмады).

Осы екі сөйлемде де етістіктің заттанған есімше формасы сияқты заттанған көсемше де екі түрлі қызмет атқарып тұр: бірінші сөйлемде ырықсыз етіс формасындағы мезгіл бағынықылы сабақтас сөйлем болса, ал екінші сөйлемде себеп салдар бағынықылы құрмалас сабақтас сөйлемнің қызметін атқарып тұр.

Етістіктің заттанған түйік етістік формасы да сөйлемде атқаратын қызметіне қарай аудармада бірқатар қиындықтар туғызады. Әсіресе толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш қызметін атқарғанда екі тілдің арасындағы айырмашылықты есте ұстауды қажет етеді.

He gave me a book to read. (Ол маған оқуға оқитын кітап берді).

I like to read a book. (Мен кітап оқығанды жақсы көремін).

Scientists from different countries will participate in the conference to be held in Astana in July. (Ньюльде Астанада өтетін конференцияға әртүрлі ғалымдар қатысады).

Not to be late for my classes I get up early. (Сабақтан қалып қоймау үшін мен ерте тұрамын).

Осы келтірілген қарапайым мысалдардан заттанған түйік етістіктің қазақ тілінің тілдік нормасына және структуралық ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі сөйлем мүшесі ретінде және етістіктің басқа формасы түрінде яғни бірінші сөйлемде заттанған есімше; екінші сөйлемде табыс септігіндегі заттанған есімше болып аударылып тұр. Ағылшын тіліндегі күрделі анықтауышты қазақ тіліне аударма жасағанда да екі тілдің арасындағы структуралық айырмашылыққа қатысты қиындықтар кездеседі. Ағылшын тілінде күрделі анықтауыш ағылшын тілінің нормасына сәйкес өзі анықтайтын сөзден кейін келеді. Ал қазақ тілінде керісінше анықтауыш өзі анықтайтын сөздің алдында тұрады. Аударма жасағанда осы екі тілдің арасындағы ерекшелікті және қазақ тіліне қандай конструкция арқылы берілетінін жақсы меңгеруді түге келеді.

Әдебиеттер

1. Lambert W.A. "Some observations on first language acquisitions and second language learning." Mimeograph, 1966.
2. Carroll, J.B. The study of language teaching. Cambridge, Mass.: Harvard University Press, 1980.
3. Carroll, J.B. research in foreign language teaching. Report on the Northeast conference on the teaching of foreign languages. 1970.
4. Jerrold Frank. The role of assessment in language teaching. English teaching Forum. Volume 50. #3.2012
5. Carmen Perez Bazanta. Coming to grips with progress testing: Some guidelines for its design. English teaching Forum. Volume 50. #3.2012

Б.И. Тастемірова,
ст. преподаватель

Казахский Национальный университет
им. Аль-Фараби, кафедра иностранных
языков естественных факультетов

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ТЕКСТЫ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Чтение – один из основных языковых навыков, которое студенты должны освоить в процессе изучения иностранного языка. Читая иноязычный текст, студент повторяет изученный лексический и грамматический материал, запоминает написание и значение слов, словосочетаний и, таким образом, совершенствует свои знания иностранного языка. Использование литературных текстов, например, в рамках домашнего чтения позволяет не только превратить процесс изучения иностранного языка в увлекательное занятие, но и помогает студентам познакомиться с современными реалиями страны